



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

Б.Т.ЖҰМАҒҰЛОВ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың ректоры, академик:

**Құрметті универси-
тет профессорлары мен
оқытушылары және
қымбатты студенттер!**

Сіздердің баршалаңызды еліміздің ең басты мерекесі – Тәуелсіздік күнімен құттықтауға рұқсат етіңіздер! Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сара саясаты мен көрегендігінің арқасында еліміз көптеген күрделі асулардан өтіп, әлемдік қауымдастықта жоғары белдеге ие болды. Біз экономикасы мықты дамыған, алдыңғы қатарлы мемлекеттермен терезесі тең елге айналдық.

Мұндай биік мәртебенің айқын дәлелі – Қазақстан Республикасының 2010 жылға ЕҚЫҰ төрағасы болып сайлануы.

Осы жыл біз үшін аса айрықша болды – ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойы. Мерейтойымызға Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың келіп, әктілі дәріс оқып, университетке өте жоғары баға бергені біз үшін үлкен мәртебе болды әрі зор жауапкершілік жүктеді.

Дәрістің интернет және ақпараттық құралдар арқылы кең таралуының нәтижесінде университетіміз бүкіл әлемге танылды десек артық болмайды.

Сіздердің баршалаңызға орасан зор жетістіктер, денсаулық және бақыт тілеймін!

Тағы да ұлы мерекемен – Қазақстанның Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! Сонымен бірге алда келе жатқан Барыс жылы әр отбасыға тек бақыт, ырыс, береке алып келсін деп тілеймін!

ҚазҰУ-дың үздік факультеті анықталды

Сахна төрінде “Отаным!”, “Қазақстаным!” деген жалынды жыр оқылып, биік рухпен ән шырқалғанда көрермен жүрегі дір етті. Ол діріл – Отанға деген махаббаттың иірімі. Ана тілі мен туған жеріне деген ыстық сезімнің айғағы. 3 желтоқсанда Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайына Тәуелсіздік күнін ұлықтай келген көрермен түйсігі осыны сездірді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қазақ елінің ұлттық мерекесі – Тәуелсіздік күнін мерекелеу түрлі сипатта өрістейді. Жылдан жылға кәдімгі мейрам мерейі артып келе жатқандығын Тәуелсіздік күніне орай «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік факультеті» конкурсының қорытындысын жариялауға арналған шарадан байқадық.

Сарай іші көрерменге лық толды. Азаттығымызды айқындап тұрғандай әсем әуен мен көңілді күй мен мұңдалап, сарай ішін көтеріңкі күймен баурап алғандай. Себебі де

түсінікті. Бұл күн бұрынғы күннен өзгереді. Бұл күн Тәуелсіздік мерекесіне арналған! Осы сәтте тәуелсіздіктің он сегізінші таңындағы ҚазҰУ-дың ең үздік факультеті танылмақ. ҚазҰУ басшылығы, кәсіподақ қызметкерлері, департамент директорлары және әр факультеттің декандары мен орынбасарлары, кафедра менгерушілерінің барлығы университеттің белсенді студенттерімен осы залда. Олар оқытушы мен оқушы емес, көрермен болып отыр.

(Жалғасы 4-5-беттерде)



Ұлт руханиятының қайраткері

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, сөз өнерінің сардары, қазақ әдебиетінің саңлағы Әбіш Кекілбайұлының 70 жасқа толған мерейтойы еліміздің мәдени-рухани өміріндегі жарқын да жарасымды күндердің бірі екендігі айқын. Кемеңгер жазушының мерейлі мерекесі қыркүйек айында Маңғыстау жерінен бастау алып, Сарыарқа төсіндегі Астанада жалғасып, 21 желтоқсан күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде шарықтау шегіне көтерілді.

Қасиетті қара шаңырақ өзінің әйгілі түлегі, Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік және ҚР Президентінің Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының лауреаты, сөз өнерінің теңдесі жоқ зергері Әбіш Кекілбайұлының 70 жылдық мерейтойын ерекше салтанатпен атап өтті.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен біріге отырып ұйымдастырылған аталмыш шара «Әбіш Кекілбаев және замана шындығы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциямен ашылды.

(Жалғасы 3-бетте)

санда:

БҮГІНГІ

ҚазҰУ-дың білгірлері – үздік студенттер құрылтайында

3-бет



Ученые КазНУ готовы к новым вызовам времени

6-бет



Әлі есімде, сол бір студенттік кез

8-бет



Құттықтаймыз!!!

Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында ҚР Президентінің Жарлығымен Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі мен қоғамдық белсенді қызметі үшін ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бір топ ұстаздары мемлекеттік наградалармен

марапатталды!!!

III дәрежелі «Барыс» орденін



Сартаев Сұлтан, з.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі – мемлекет пен құқықтың теориясы мен тарихы кафедрасының профессоры иеленді.

«Құрмет» орденімен



Орынханов Мұрат Кәдесұлы, ф-м.ғ.д., профессор – ғылыми жұмыс жөніндегі проректор;



Аскарова Әлия Сандыбайқызы, ф-м.ғ.д., профессор – физика факультетінің деканы;



Ғабитов Тұрсын Хафизұлы, филос.ғ.д., - мәдени антропология кафедрасының профессоры;



Қайырбаева Роза, ф.ғ.к., - шет тілдер кафедрасының профессоры (ХҚФ);

«Ерен еңбегі үшін» медалі



Әбдәзұлы Қансейіт, ф.ғ.д., профессор - филология факультетінің деканы;



Нұрахметов Немеребай, х.ғ.д., - бейорганикалық химия кафедрасының профессоры;



Нұртазин Сабыр Темірғалиұлы, б.ғ.д., профессор - зоология және гистология кафедрасының меңгерушісі;



Омарбеков Талас, т.ғ.д., профессор – Қазақстанның ерте дүние және ортағасырлар тарихы кафедрасының меңгерушісі;



Сүлейменова Элеонора Дүйсенқызы, ф.ғ.д., – жалпы тіл білімі кафедрасының профессоры марапатталды.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағын



Аманжолов Алтай Сәрсенұлы, ф.ғ.д., - жалпы тіл білімі кафедрасының профессоры;



Санжар Нұрлан Санжарұлы, халықаралық журналистика кафедрасының аға оқытушысы иеленді.

Қазақстан Республикасының құрмет грамотасы



Молдағалиева Айжан Айдынғалиқызы, ф.ғ.к., – жаратылыстану факультеттеріне арналған шет тілдер кафедрасының меңгерушісі;



Төлеуханов Сұлтан Төлеуханұлы, б.ғ.д., профессор – адам және жануарлар физиологиясы мен биофизика кафедрасының меңгерушісіне табыс етілді.

P.S.

«Қазақ университеті» газетінің ұжымы қуаныш иелерін қара шаңырақтың профессор-оқытушылар құрамы атынан шын жүректен құттықтап, еңбектеріне жеміс тілейді!!!

Құттықтаймыз!!!

ҚазҰУ-дың 14 факультетінің ішінен суырылып шығып, жүрделі орынға ие болған 5 үздік факультетті жеңістерімен құттықтаймыз! Білім мен ғылым жолында алғы шептен көрініп, іргелі оқу ордасының беделін көтеріп жүрген еңселі ұстаздар қауымы мен белсенді студенттер шоғырланған факультеттер қатары көбейе берсін! Еңбектеріңізге шын жүректен табыс тілейміз!



«ҚазҰУ-дың үздігі» деп танылған физика факультетінің ұжымы



«Үздік факультет» бәйгесінің 2-орын иегері биология факультетінің ұжымы



Химия факультеті – «Үздік факультет» бәйгесінің 2-орын иегері



«Үздік факультет» бәйгесінің 3-орынды шығыстану факультеті иеленді



Филология факультеті – «Үздік факультет» бәйгесінің 4-орнына лайық деп танылды



■ Кафедра

Тамыры тереңнен бастау алатын тарих сахнасындағы қазақ халқының көк туын алдағы мыңжылдықтардың төріне апарып ілетін – жас ұрпақ. Бүгінгі кеудесінде намыс оты маздап тұрған жастар – ертеңгі ел тірегі!

Алланың әмірімен пешенемізге аздаған ғұмыр жазылған екен. Ешкімнің айтқанын құлағына қыстырмай, өзімен-өзі арпалысып өтіп жатқан осынау бір алмағайып уақытта алыс көкжиектерге көз жіберіп, ғаламның үніне құлақ тосасың.

«Әке көрген оқ жонар...»

Күншығыс елінің еркесі – жапон жастары. Күнделікті қауқайтын тақырыптары – кішкентай «самурайлардың» бүгінгі мен ертеңі. Дініне деген сүйіспеншіліктері мызғымас. Бір жапон баласының көзінен жас шыкса, «тізгінді» ұстап отырғандарының жаны қоса шыға жаздайды.

Неміс зиялылары өз ізбасарларының атар таңына кепілдеме бере алады. Жастары өте инабатты, біреудің бақшасына қуып кіргізе алмайсың. Ең осалы Гегенің өлеңін жатқа айтып беруге дайын.

Еврей халқы емшектегі нәрестесін «Әлемде сенен асқан данышпан жоқ» деп тәрбиелеудің тамаша үлгісін көрсетіп, әуеніне төнкерілуде.

Ал, бізде ше? Біздің жастарымыз «Жетіге келгенше жерден, жетіден кейін елден таяқ жеу» принципімен өмір сүріп келеді. Әлдебір мінбелерден «Жастар біздің болашағымыз», «Жастар елдің ертеңі», «Жастар, жастар...» деп ұран салғанымыз дұрыс-ақ. Бірақ, «Ел боламын десең бесіңді түзе» деп халқымыз тегін айтпаған. Ал, осы бесікті түзейтіндер – аналар. Ол үшін әрбір ана үлгілі, көргенді, көрікті, ақылды, болуы тиіс. Ана бойында ең бастысы ұят болуы керек. «Ұят» деген ұғым еңбектеген баладан, еңкейген қариялар бойында өмір бойы болуға тиісті асыл қасиет. Егер, осы асыл қасиет әрбір ана санасынан орын алса, әлгі «түзу» бесік солардың қолында болады. Осы «түзу» бесікке иелік етіп, болашақ ана болатын қыздарымыздың жай-күйі қандай?!

Қоғам өзгерісіне қарай әрбір заманның өтпелі кезеңі адам баласының қалыптасуына әсерін тигізбей қоймайды. Мұндай өзгеріске көбінесе жастар бейімделгіш келеді. Қазіргі заман жастары өзге елдің әдет-ғұрпына еліктегіш болып кетті. Ойланса, әр елдің ұлттық дәстүрі тек сол ел үшін үлгілі, қасиетті емес пе?! Шетелдің қыздарына еліктеп, жартылай жалаңаш киініп, темекіні тартып, түсінбесе де солардың әндерін тындап жатады. Бұл тек жоғарыда айтылғандай, батыс елдеріне ғана тән, өздеріне жарасымды өмір салты. Жастар қауымы ата-анасына құрдасындай сөйлеп, жұмсап жатқанда жүрегің қарс айырылады. Ана киесі, ата қарғысынан қорықпайтын жандар көбейіп барады. Қасиет атаулыдан жұтаған замандастарым, ақ саймайлы қарттарды сыйлауға жарамай, кердендеуімізге не себеп?! «Атаңа не істесен, алдына сол келер», бәріміз ертең ата-ана боламыз. Кінәні кімнен іздейміз? Мұның бәрине ата-ана өзіміз кінәліміз. «Баланы жасынан» дейді қазақ.

Қазақстанға болашақ сыйлайтын да, болашаққа жетелейтін де жас ұрпақ, онегелі де тәрбиелі бүлдіршіндер. Ал, жас ұрпақты болашаққа жетелейтін аяулы да, ардақты жандар – ата-ана және ұстаздар қауымы.

Қымбат МҰРАТҚЫЗЫ,
журналистика факультетінің
2 курс студенті

■ Форум

В КазНУ прошел Форум ученых Казахского национального университета имени аль-Фараби. На форуме между учеными состоялся обмен мнениями о дальнейшем совершенствовании и развитии науки в КазНУ им. аль-Фараби в свете новой модели управления научной системой, предложенной Президентом страны Н.А. Назарбаевым, и задачах, поставленных перед наукой и образованием на Совещании с участием Главы Государства (г. Астана, 4 сентября 2009 г.) и в лекции Президента РК (г. Алматы, 13 октября 2009 г.).

Участники Форума заслушали выступления ведущих ученых о совершенствовании и развитии науки в национальных университетах, роли и месте вузовской науки в формировании интеллектуальной нации, о формировании исследовательских университетов как современной форме интеграции образования и науки. «Наш ректор в одном из своих выступлений особо отметил роль исследовательских университетов в развитии науки Казахстана. Он подчеркнул, что в перспективе возможно трансформировать несколько университетов страны в исследовательские, которые за рубежом являются локомотивами научных исследований и инноваций», - сказал проректор по научной работе КазНУ им. Аль-Фараби Нурлан Темирбеков. По его словам, развитие университетской науки позволит вузу соответствовать рейтингам университетов мира. «При поддержке государства возможно создание новых инновационных предприятий, которые внесут весомый вклад в развитие вузовской науки», - считает проректор. Только в этом году университет предлагает около 147 фундаментальных проектов по разным направлениям.

Кроме того, были затронуты вопросы подготовки научных кадров в национальных университетах

■ Рух

Тұғырлы Тәуелсіздік

1991 жылғы желтоқсанның 16 жұлдызында Жоғарғы Кеңес халық тілегін қабылдай отырып, бүкіл әлемге Қазақстанның мемлекеттік егемендігін жариялағанына быыл 18 жыл толып отыр. Механика-математика факультетінің салтанат залында осы мерейлі күнге арналған мерекелі кеш болып өтті. Төл мерекеге арналған шараны информатика кафедрасының оқытушылары мен студент жастары ұйымдастырды.

Кешті факультет деканы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Айдархан Жүсіпбекұлы Қалтаев ашып, жиналған жұртты Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтады. Тәуелсіздікті тек жариялап қою аз, оны орнату, тұғырын бекіту, жеңісімізді жетілдіру жолында талмай тер төгу, жақсы оқып, ерінбей еңбектену керек екеніне тоқталды. Мерекелі жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен механика-математика факультетінің қол жеткізген толағай табыстарына тоқталып, жұмысның келешекте де биіктен көріне беретініне сенім білдірген декан: «Қазіргі таңда ежелден еркіндікті аңсаған қазақ елі тәуелсіз Қазақстанның іргесін қалап, шаңырағын биік көтергеніне

Ученые КазНУ готовы к новым вызовам времени



и исследовательская творческая деятельность научной молодежи университета, а также развитие гуманитарных наук в условиях информационно-инновационного развития в свете выступления Президента страны перед коллективом университета в октябре текущего года. В заключительном слове ректор КазНУ Бакытжан Жумагулов отметил, что из-за многолетнего разрыва образования и науки университет получил, во-первых, катастрофическое старение научных кадров НИИ и отсутствие притока молодежи, во-вторых, серьезное отставание по качеству подготовки специалистов. «Есть еще и факторы конкуренции – ряд вузов Казахстана за последнее время сильно активизировались, используя многие из отработанных нами подходов, и, как говорится, уже «дышат нам в затылок», - отметил глава университета. И поэтому он предложил активно продвигаться к формированию КазНУ как исследовательского университета. И первые шаги в данном направлении уже сделаны. Первое – рост финансирования научных исследований практически на 40%. Второе – число публикаций в высокорейтинговых изданиях выросло в 2,5 раза.

В своем докладе о базовых задачах развития науки в Казахском национальном университете ректор

также обратил особое внимание на выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на сентябрьском совещании по науке, где Президент выдвинул принципиально новую модель системы управления и финансирования науки. Ректор остановился на ее самых принципиальных моментах.

Во-первых, это смещение акцента в сторону развития науки в ведущих вузах Казахстана, ориентация на формирование в стране исследовательских университетов, которые хорошо себя зарекомендовали в мировой практике.

Во-вторых, сокращение бюрократической компоненты и ориентация, прежде всего, на самого ученого и его работу, введение грантового финансирования, повышение роли ученых в принятии решений через ВНТК и Национальные научные советы.

По мнению Б.Жумагулова, это, по сути, кардинальная смена ориентиров, которая открывает для Казахстана новые возможности приблизить характер развития науки к принятому в развитых странах, достойно войти в мировое научно-образовательное и инновационное пространство.

Бакытжан Жумагулов также обратил внимание коллег на то, что предстоит переход на принципиально новые условия финансирования

всей науки Казахстана. Сегодня в стенах университета разработаны 8 новых научных программ, по которым КазНУ может стать лидером, координатором и главным исполнителем. «Эти программы не должны остаться на бумаге, их нужно активно продвигать на всех уровнях и с учетом новых условий развития науки в стране», - подчеркнул ректор. По его словам, в самое ближайшее время необходимо выработать комплекс целевых механизмов и мероприятий, нацеленных на реальную интеграцию научного и образовательных процессов.

Говоря о ближайших планах, одним из самых важных мероприятий в научной сфере ректор КазНУ назвал предстоящий в следующем году мировой форум ученых – «Научно-образовательный конгресс».

Идея проведения форума выдвинута КазНУ им аль-Фараби совместно с Московским государственным университетом. Ректор МГУ академик В.А.Садовничий поддержал предложение о том, чтобы главным организатором форума стал Казахский национальный университет.

Инициатива ученых КазНУ и МГУ получила полную поддержку Главы государства Н.А.Назарбаева. Это очень ответственная задача, и подготовку к ней начинать нужно уже сегодня. И самое главное, считает ректор, прийти на форум с весомыми научными результатами.

В работе форума приняли участие ведущие казахстанские ученые, 20 директоров НИИ и научных центров КазНУ, деканы и заместители деканов по науке 13-ти факультетов, 97 заведующих кафедр вуза, а также руководители научных проектов и тем по фундаментальным и прикладным исследованиям.

Меруерт
МУХАМЕТЖАНОВА

қатарынан қуғындалған, ақын Аманғазы Кәріпжан әулетін ду қол шалақтап қарсы алды. Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан жазушылары Одағы ұйымдастырған жыр мұшайрасының Бас жүлдегері, республикалық жыраулар байқауының, Бішкекте өткен халықаралық ақындар айтқысының жүлдегері, «Жаралы желтоқсан», «Сана суреттері» жыр жинақтарының авторы М.Кәріп-жантегінің Тәуелсіздік пен желтоқсан оқиғасына арналған рухты жырлары мен жастық шақ, махаббат жайлы сырлы өлеңдері тыңдармандардың зор ықыласына бөленді. Студент жастар ақынға гүл ұсынып, кеш ұйымдастырушылары сый-сияпат жасады.

Жиналған жұрт кешті ұйымдастырушылар мен жас өнерпаздарға мол алғысын білдіріп, бір-біріне «Ұлтымыздың рухы өшпей, халқымыздың бірлігі берік болып, тәуелсізден Елтаңбамыз, көгімізден Көкбайрағымыз кетпесін!» - деген тілек айтып, тарасты.

Болат ӘБЕНОВ,
басқару теориясы
кафедрасының аға оқытушысы

